«Еркіншілік ауылыны жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

# «Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ педагог-психологтың 2022-2023 оқу жылы бойынша аналитикалық есеп

2022-2023 оқу жылы

Жаңа оқу жылы басталғаннан бері мақсатты түрде жоспарға сай және жоспардан тыс жұмыстар жүргізілуде. Мектептің психологиялық қызметі әр оқу жылына жоспарланған тиісті психологиялық іс-шараларды жүзеге асырады. Психологиялық қызмет негізгі төрт бағытта жұмыс атқарады:

1.Психодиагностика(дианостикалық жұмыстар,сауалнамалар мен әдістемелер)

2.Психоконсультация (психологиялық кеңес)

3.Психопрофилактика (психологиялық алдын-алу және ағарту жұмыстары )

4.Психокоррекция (түзету-дамыту жұмыстары).

«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша «Мектептің білім беру ортасында арнайы жағдай қалыптастыра отырып, оқушылардың психологиялық даму үрдісін басқару» атты тақырыбы бойынша жұмыс атқарылуда. Негізгі жұмыс бағыты, мектеп ішінде жағымды, жақсы жағдайды қалыптастыруда деп санаймыз. Жылдық жоспар бойынша өткізілген іс – шаралар саны – 58: Жоспар бойынша төмендегі жұмыстар атқарылды:

Мерзімі: 01-10.09.2022ж. педагог-психологтардың жұмыс жоспарын қарау және бекіту жұмысы жүргізілді.

Мерзімі: 07.09.2022ж. дейін, 1 сынып оқушыларына «Керна-Йирасека» диагностикасы өткізілді. Жалпы бірінші сыныптар арасында бейімделу кезеңі жоғары деңгейді көрсетті. Барлық алынған диагностикалардың қорытындыларымен сынып жетекшілері таныс болды. Мектепке дайындықтары орта деңгейде екенің көрсетті. Бейімделу кезеңінде мектеп психологтары сабақтарға қатысты.

Мерзімі: 07.09.2022ж. дейін мектептердегі балаларға қатысты қорқытып ақша алу және зорлық-зомбылық фактілерін анықтау бойынша 5-11 сынып оқушыларына жасырын сауалнама жүргізіліп, сауалнама нәтижесі бойынша оқушылар арасында бопсалау әрекеті анықталмады. Мектепке келетін бөтен тұлғалардың жолдастарымен және мұғалімдермен кездесу үшін келетінін оқушылардың боспалау, яғни қорқытып ақша алу жағдайын мектеп аумағында тағы басқа еш бір жерде куәсі болмағандығы анықталды.

Мерзімі: 12.09.2022ж. «Жаңбыр астындағы адам» әдістемесі 7-11 сынып оқушылар арасында жүргізілді, Мақсаты: Оқушылардың ішкі сезімдері мен,ішкі ойларымен бөлісу. Оқушылардағы мазасыздық деңгейін диагностикалау. Ол

адамның эго күшінің диагностикасына,оның жағымсыз жағдайларға қарсы тұруына бағытталған.

Қорытынды нәтижесі бойынша: оқушылардың мазасыздану деңгейі орташа, ішкі сезімдері мен ішкі ойлары бір қалыпта екендігі анықталды.

Мерзімі: 19.09-22.09.2022 ж.ж аралығында 9 «А», «Ә», «Б» сынып оқушылар арасында «Мамандық өмір бастауы» тақырыбында тренинг өткізілді. Қорытынды нәтижесі бойынша Мамандық таңдау барысында мамндықтарын таңдап сол мамандыққа қызуғушылығы арттып келеді. 8 «Ә» сынып 567Ә8 оқушымен отбасы жағдайына байланысты, жеке әңгіме жүргізілді. 11 сынып оқушылар арасында 700Ә11 оқушымен сауалнама нәтижесі бойынша жеке сұхбат жүргізілді. 2 «А» сынып 106А2 оқушының ата-анасымен жеке жұмыс жүргізілді.

Мерзімі:23-26.09.2022ж. 5 сыныптармен оқушының бейімделу процесінің диагностикасын және социометриялық зерттеулерді жүргізілді. Диагностиканы әзірленіп, талдау жүргізілді нәтижесі бойынша 5 сыныптар арасында бейімделуі үш деңгейді көрсетті. Олар: жоғары деңгейді - 1 оқушы көрсетті, орташа деңгейді – 35 оқушы көретті, ал төменгі деңгейді – 24 оқушы көрсетті. Қорытынды нәтижесі сынып жетекшісіне таныстырылып, анықталған деңгейлер бойынша оқушылармен қосымша жұмыс жасау туралы кеңестер берілді. Н.Г. Лусканов сауалнамасы мектеп мотивациясы, «Сыныптың психологиялық хал-ахуалы» әдістемесі бойынша тест жұмыстары өткізілді. Қорытынды бойынша бейімделу кезеңі жоғары деңгейде екенің көрсетті, сынып жетекшілер сауалнама қорытындысымен танысты.

10 сынып оқушысының құндылық бағдарларын анықтау, талдау жұмысын жүргізіліп, нәтижесі бойынша орташа деңгейді көрсетті. Сауалнамаға барлық оқушы қатысты. Қорытынды нәтижесімен сынып жетекшісіне таныстырылып, анықталған деңгейлер бойынша оқушылармен қосымша жұмыс жасау туралы кеңестер берілді.

Мерзімі: 27.09.2022ж. Рахманқұлов әдістемесі бойынша мектептегі дезадаптацияны анықтау бойынша мұғалімдер мен ата-аналар үшін сауалнама жүргізу. Сауалнама әзірлеу, талдау нәтижесі бойынша дезадаптациясы орташа деңгейді көрсетіліп, фото есеп салынды.

Мерзімі: 05.10.2022 ж. Экспресс-диагностика жүргізу тұлғаның мінез-құлық ерекшеліктері Айзенк тесті (жеке) 6 «А», «Ә», «Б» сынып оқушыларынан алынды диагностиканың талдауы жүргізілді, талдау нәтижесі бойынша орташа деңгейлерді

көрсетіп, фото есеп салынды. Қорытынды нәтижесімен сынып жетекшісіне таныстырылып, оқушылармен қосымша жұмыс жасау туралы кеңестер берілді. 3 «Ә» сынып оқушысы 250 Ә3-мен сынып жетекшісінің айтуы бойынша жеке кеңес және жұмыс жасалынды.

Мерзімі: 05.10.2022 ж ОПМПК тексеруге ЕҚ бар балалардың тізімін дайындалды.

Мерзімі: 11.10.2022 ж ПМПК құжаттарды ресімдеу бойынша ата-аналар мен педагогтерге жеке кеңестер, әңгімелер өткізілді. Барлығы ПМПК тізімінде барлығы 10 оқушы. ПМПК-ға 9 оқушы барды, 1 оқушы белгілі себеппен бара алмады. Мерзімі: 14.10.2022 ж. дейін 1 сыныпқа бейімделуі бойынша тест өткізілді. Тестіні талдау нәтижесі бойынша сынып жетекшілеріне психолог тарапынан ұсыныстар айтылып, кеңестер берілді. Жекелей жұмыс жүргізуді талап ететін оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді. Оқушылармен әңгімелесу және кеңес беру, проективті әдістемелерді қолдану, бақылау жұмыстары оқу жылы бойында жүзеге асырылады, осыған байланысты ақпарат жіберілді.

Мерзімі: 18.10.2022 ж. қорқыныш сезімінен арылуға және өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар өткізілді 5-11 сынып оқушылар арасында. Ата-аналарға «Мектеп-ата-ана-қоғам:үшін тұғырлы бірлестік» тренинг өткізілді.

Мерзімі: 19.10.2022 дейін 2-4 сынып оқушылар арасында «Үй,ағаш,адам» проективті тест өткізілді. Мақсаты: тұлғаның эмоциялары мотивациялық сипаттары, кейбір аспектілері, жасырынып жатқан дүниесін ашуға мүмкіндік береді.

Мерзімі: 25.10.2022ж. 591А9 оқушымен «Менім жанұям» тақырыбында сурет алынды. Нәтижесін сынып жетекшісіне таныстырылды.

Мерзімі: 26.10.2022 ж. дейін Мектептердегі балаларға қатысты қорқытып алу және зорлық-зомбылық фактілерін анықтау бойынша 5-11 сынып оқушыларына жасырын сауалнама жүргізу, сауалнаманы талдау жасау.

Мерзімі: 28 қазаннан - 2 желтоқсанға дейін ерекше бақылауды қажет ететін оқушылар анықталып, ПМПК тізімінде тұрған оқушылардың құжатары ретке келтірілді. Үйде оқытылтын оқушылардың үйлеріне рейд жасалды. «Сенім» поштасы жаңартылып, оқушыларды ақпараттандырылды. Үш айда бір рет 8-11 сыныптар арасында анонимдік сауалнама жүргізіліп, Құқық бұзушылықтың алдын

алу мақсатында, тәрбие ісінің меңгерушісімен бірлесе оқушылармен үнемі әңгіме жүргізіліп отырылды. Ерте жүктіліктің алдын алу шарасы бойынша «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында мектеп медбикесімен және тәрбие ісінің меңгерушісімен бірлесе отырып 7-11 сыныптар арасында кездесулер өткізіліп, видеороликтер көрсетіліп, лекциялар оқытылды. Психопрофилактикалық жоспар бойынша мұғалімдерге көмек көрсетіліп отырылады. Ай сайын сенім поштасынан алынған хаттар тіркеу дәптеріне тіркеліп, хаттар бойынша жұмыстар өткізілді.

Мерзімі: 29.10.2022 ж. дейін 499Ә7 оқушымен жеке жұмыс жасалынып, «Дүниеде жоқ жануар» әдістемесі алынды. «Отбасы социометрия» әдістемесі 5 «А», «Ә», «Б» сынып оқушыларынан алынып, нәтижесі бойынша орташа деңгейлі көрсеткішті көрсетті және сынып жетекшілеріне таныстырылды. 5 «А», «Ә», «Б» - 6 «А», «Ә», «Б» сынып оқушалырмен «Менің көңіл-күйім» тренинг өткізіліп, анықтамасы мен фото есебі жасалынды.

Мерзімі: 10.11.2022ж. дейін мектептердегі балаларға қатысты қорқытып ақша алу және зорлық-зомбылық фактілерін анықтау бойынша 5-11 сынып оқушыларына жасырын сауалнама жүргізіліп, сауалнама нәтижесі бойынша оқушылар арасында бопсалау әрекеті анықталмады. Мектепке келетін бөтен тұлғалардың жолдастарымен және мұғалімдермен кездесу үшін келетінін оқушылардың боспалау, яғни қорқытып ақша алу жағдайын мектеп аумағында тағы басқа еш бір жерде куәсі болмағандығы анықталды.

Мерзімі: 12.11.2022 ж. дейін 5-11 сынып оқушылар арасында «Дүниеде жоқ жануар» әдістеме жүргізіліп, қорытындысы жасалынып, сынып жетекшілерге таныстырылды. 11 «Ә» сынып 706Ә11 оқушымен жеке түзету жұмыстары жасалынып, «Мұңымды тарқатамын» жаттығуы жасалынды.

Мерзімі: 15.11.2022ж. дейін 9-11 сынып оқушылармен «Сенің кәсіби-ой ниетің» тақырыбында сауалнама алынып, қорытындысы жасалынды және «Екі қолмен бірге» тренинг өткізіліп анықтамасы жасалынды.

Мерзімі: 20.11.2022ж. 5 «А», «Ә», «Б» сынып оқушылармен «Отбасы социометрия» әдістемесі өткізіліп және нәтижесі бойынша сынып жетекшілерге таныстырылды. Мұғімдермен «Мұғалім мектеп жүрегі» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мерзімі: 25.11.2022 ж. 9-11 сынып аралығында кәсіптік бағдарлау бойынша психодиагностика жүргізілді. Ақпаратты өңдеу нәтижесі бойынша жоспарланған жұмыстар толығымен орындалды, оқушыларға кәсіптік бағыт туралы түрлі сұрақтар қойылып, әр оқушы өз ойымен бөлісіп сабақ қызықты өткізілді. Мамандық туралы толық түсінік берілді. Әр оқушының таңдаған мамандықтарына тоқталып, сол арманға жету үшін алға қойылған мақсаттарымен таныс болдық.

Қатысушылар: 5-6 сынып оқушылары Мақсаты: 2022-2023 ж.ж. оқу жылының қараша - желтоқсан айларында оқушыларды қорқытып, бопсалап ақша алу жағдайын алдын ала анықтау. Сауалнамаларды талдау. Психологиялық қызмет үнемі ата-аналар, оқушылар мен мұғалімдер арасында тығыз қарым-қатынаста болады. Мақсаты: Денсаулықты күте білуге үйрету. Сабаққа үлгерімді болуға дағдыландыру.

Мерзімі: 12.12.2022 ж. «Менім сыныбым» әдістемесі 5 «А», «Ә», «Б» сынып оқушылармен өткізіліп, нәтижесі бойынша сыныптар ұйымшы, өзіндік пікірлері жоғары, көпшілікке қосыла алатындығы анықталды.

Мерзімі: 19.12.2022 ж.  9-11 сынып оқушылар арасында «Болашақ менің қолымда» тақырыбында тренинг өткізіліп, анықтамасымен фото есебі жасалынды. 362А5 оқушымен жеке кеңес жүргізілді, сынып жетекшінің өтініші бойынша.

Мерзімі: 22.12.2022 ж 1 сынып оқушылар арасында «Есте сақтау қабілетіңіз қандай?» тестісі алынып, нәтижесі бойынша орташа деңгейді көрсетті. 5 «А», «Ә», «Б» сынып оқушылар мен «Біз және біздің сынып» тренинг өткізіліп, анықтамасы жасалынды.

Мерзімі: 24.12.2022 ж 9-11 сынып оқушылар арасында «Мамандық өмір бастауы» тақырыбында тренинг өткізіліп, анықтамасы жасалынды. Ата-аналармен «Мұғалім мен ата-ананың байланысы» тақырыбында тренинг өткізіліп, анықтамасы мен фото есебі жасалынды.

Мерзімі:29.12.2022ж 0-4 сынып оқушылардың ата-аналармен, психологтар тарапынан «Балалық агрессия» тақырыбында баяндандама оқылып, анықтамасы мен фото есебі жасалынды. «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бойынша 5-11 сынып оқушылардың ата-аналарына баяндама оқылып, анықтамасы мен фото есебі жасалынды.

Мерзімі: 30.12.2022 ж. «Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ педагог-психологтың 2022-2023 оқу жылының жарты жылдық бойынша аналикалық есебі жасалынды. Мақсаты: Әлемде, жалпы елімізде болып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын алу және қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік, оның денсаулыққа қаншалықты зиян екендігін түсіндіре отырып, қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге ақыл-кеңестер беру.

Мерзімі: 09.01.2023 ж. 7-11 сынып оқушылар арасында «Жаңбыр астындағы адам» әдістемесі жүргізіліп, қорытындылары жасалынды. 9-11 сынып оқушылармен «Мамандық таңдау» тестісі алынып, нәтижесі жасалынды.

Мерзімі: 11.01.2023 ж. 11 сынып оқушылар арасында «ҰБТ-ға көзқарасыңыз қандай?» тест алынып, нәтижесі бойынша орташа деңгейді көрсетті. 9-11 сынып оқушылар арасында «Емтихан кезінде стресстен қалай арыламыз?» психологиялық тұрғыда дайындау барысында тренинг өткізіліп, анықтамасы мен фото есебі жасалынды.

Мерзімі: 17.01.2023 ж. Қатысушылар: 8-11 сынып оқушылары Мақсаты: 2022-2023 ж. оқу жылының қаңтар - ақпан айларында оқушыларды қорқытып, бопсалап ақша алу жағдайын алдын-алу. Сауалнамаларды талдау. Психологиялық қызмет үнемі ата-аналар, оқушылар мен мұғалімдер арасында тығыз қарым-қатынаста болады. 362А5 оқушымен сынып жетекшісінің айтуы бойынша жеке кеңес және түзету – дамытушылық бағытта жұмыс жасалынды.

Мерзімі: 20.01.2023 ж. Мақсаты: Оқушылар бойындағы мазасыздық деңгейін анықтау. 11 «А», «Ә» сынып оқушылардан «Кондаш» тестісі алынып, нәтижесі орташа мазасыздану деңгейі анықталды.

Мерзімі: 23.01.2023 ж. Ерекше білім қажетттілігі бар оқушылармен жұмыс жоспары бойынша 15А01, 368А5, 509Ә7, 499Ә7, 514Б7, 634Б9 оқушылармен «Менім отбасым» проективтік тест, «Өмірде жоқ жануар» тестісі, «Дудлинг Арт-терапия техника» тақырыбында жұмыстар атқарылды. 492А7 оқушымен жеке жұмыс жасалынды.

Мерзімі: 27.01.2023 ж. 6 сынып оқушылар арасында жеке кеңестер жүргізіліп, «Үй, ағаш, адам» әдістемесі мен «Кактус» әдістемесі алынып, қорытындысы жасалынып, сынып жетекшісіне таныстырылды. 9-11 сынып оқушылар арасында «Болашақ менің қолымды» тақырыбында сурет салу, анықтамасы жасалынды.

Мерзімі: 08.02.2023 ж. Мақсаты: Оқушылардың өзін тану арқылы, өзіндік бағалауын қалыптастыру, стрессті жеңуге жол көрсету. 11 «А», «Ә» сынып оқушыларға «ҰБТ-ға сеніммен барайық» тренинг өткізіліп, анықтамасы мен фото есебі жасалынды.

Мерзімі: 14.02.2023 ж 5-7 сынып оқушылар арасында «Сөйлемді жалғастыру» әдістемесі алынып, қорытындысы жасалынды. 8-11 сынып оқушылар арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында қыздармен әңгіме жүргізіліп, анықтамасымен фото есебі жасалынды.

Мерзімі: 21.02.2023 ж. дейін 5 «А», «Ә», «Б» сынып оқушылармен «Жаңбыр астындағы адам» , «Әлемде жоқ жануар» әдістемелері мен «Титаник» жаттығулары алынып, қорытындысы мен анықтамасы жасалынды. Қатысушылар: 5 сынып оқушылары.

Мерзімі: 27.02.2023 ж. 8-11 сынып оқушылар арасында М.Люшердің «Түстік таңдау тест», «Сөйлемді жалғастыру» әдістемелері мен «Жолдастық» жаттығуы алынып, қорытындысымен анықтамалары жасалынды. Қатысушылар: 8-11 сынып оқушылары.

Мерзімі: 06.03.2023ж. 5 «А», «Ә», «Б» сынып оқушылармен «Менің мектептегі сезімім» әдістемесі алынып, қорытындысы жасалынды. 5-11 сынып оқушлар арасында «Өмір сен маған қымбатсың» тренинг өткізіліп, анықтамасымен фото есебі жасалынды. Қатысушылар: 5 - 11 сынып оқушылары Мақсаты: Оқушылардың мектепке деген жағымды көз- қарастарын орнату, мұғалімдер мен оқушылар арасында өзара тығыз қарым- қатынасын орнатып, сынып ұжымында өз орынын табуға көмектесу.

Мерзімі: 15.03.2023 ж. Филипстің мектептегі мазасыздану деңгейін анықтау бойынша 7-8 сынып оқушылардан сауалнама жүргізіліп, сауалнама талдау нәтижесі бойынша Филипстің мектептегі мазасыздану деңгейін орташа көрсеткішті көрсетті. Қорытынды нәтижесімен сынып жетекшісіне таныстырылып, оқушылармен қосымша жұмыс жасау туралы кеңестер берілді. Қатысушылар: 7-8 сынып оқушылары Мақсаты: Ата-ана мен баланың отбасылық тәжірибесін түсіну және қабылдау, қарым-қатынас пен болашағы жайлы түсінік қалыптастыру.

Мерзімі: 24.03.2023 ж. дейін 5-11 сынып оқушылар арасында «Өмір сен маған қымбатсың» тренинг өткізіліп, анықтамасы мен фото есебі салынды.

Мақсаты: «Өмір», «Бақыт» ұғымдарына тереңірек үңілуге ықпал жасау; Өзінде бар құндылықтарды бағалай білуге үйрету; Бақытқа қол жеткізе алатынына сенім туғызу; Өмірге құштарлықтарын арттыру;

Мерзімі: 27.03.2023 ж. Жаңадан келген мұғалімдерге арналған «Жас мұғалімнің бейімделу кезеңіндегі мәселелерін анықтау» сауалнамасы жүргізіліп, сауалнама талдауы бойынша орташа деңгейді көрсетті. Қатысушылар: Мұғалімдер

Мерзімі: 29.03.2023 ж. Аутизм мәселелері жөнінде Бүкіл әлемдік ақпарат тарату күніне орай, аутизмнің алдын алу бойынша жоспар құрылып жоспар бойынша 5-11 сынып оқушылар арасында «Аутист-жаңбыр балалары» тақырыбында оқушыларға мәліметтер мен бейне роликтер көрсетіліп, анықтамаларымен фото есебі салынды.

Мерзімі: 10.04.2023 ж. 8 «А» сынып оқушысы 524А8 жеке кеңес жүргізу пән мұғалімнің айтуы бойынша. 9 «А» сынып оқушысы 591А9 «Белгісіз жануар» әдістемесі алынып, қорытындысы жасалынды.

Мерзімі: 13.04.2023 ж. «Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» тақырыбы бойынша облыстық онлайн оқыту семинарына, заучтар, мұғалімдермен мектеп психологтарын тіркеу.

Мерзімі: 17.04.2023 ж. «Сенің кәсіби ой - ниетің» тақырыбында 9 сынып оқушылар арасында сауалнама жүргізіліп, нәтижесі бойынша оқушыларға кәсіптер туралы түрлі сұрақтар қойылып, әр оқушы өз ойымен бөлісіп сабақ қызықты өткізілді. Мамандық туралы толық түсінік берілді. Әр оқушының таңдаған мамандықтарына тоқталып, сол арманға жету үшін алға қойылған мақсаттарымен таныс болды. Қатысушылар: 9 сынып оқушылары Мақсаты: Жеке өзінің ерекшеліктерін жағымды және жағымсыз мінез – құлық бітістерін тану.

Мерзімі: 20.04.2023 ж. Буллинг бойынша өткізілетін іс-шаралар жоспарын құрылып, жоспарланған «Буллинг, Кибербуллингтің алдын алу» тақырыптары бойынша оқушыларға лекция оқылып, сауалнамалар алынып отырылды және анықтамасы мен фото есебі жасалынды.

Мерзімі: 24.04.2023 ж. 1-4 сынып оқушылар арасында «Есту арқылы есте сақтау қабілеттерін арттыруға» арналған жаттығулар өткізіліп, анықтамалар жасалынды.

Мерзімі: 27.04.2023 ж. 9-11сынып оқушылар арасында «Емтиханды сәтті тапсыру үшін қалай көмектесуге болады?», «Емтихан барысында стресске қалай қарсы тұруға болады» тренингтер өткізіліп, анықтамаларымен фото есептері жасалынды.

Мерзімі: 03.05.2023 ж. дейін 5 «А», «Ә», «Б» сынып оқушылармен «Мюнстерберг» және «Гүл бейнесіндегі отбасы» әдістемелері алынып, қорытындылары жасалынды, нәтижесі бойынша орташа деңгейді көрсетті.

Мерзімі: 10.04.2023 ж. 7-8 сыныптар арасында «Мен өмірді таңдаймын» тақырыбында тренинг өткізілді, анықтама жасалынды. 9-11 сыныптар арасында «Емтихан үстіндегі сенімділік» тренинг өткізіліп, анықтамасы мен фото есебі жасалынды.

Мерзімі: 12.05.2023 ж. дейін 8-11 сыныптар арасында «Жасөспірімдерге жанжалдан шығу жолы» және «ҰБТ-ге психологиялық тұрғыда дайындау» тақырыбында тренинг өткізіліп, анықтамасы мен фото есебі жасалынды. 9-11 сынып оқушылар арасында «Суреттерді аяқтау», «Эксперимент» тақырыбында жаттығулар өткізіліп, анықтамалармен фото есебі жасалынды.

Мерзімі: 16.05.2023 ж. 9-11 сынып оқушылардан «Мамандық өмір бастауы» тақырыбында тренинг жүргізіліп, тренинг анықтама нәтижесі бойынша оқушылар әлемде түрлі мамандықтар және қандай мамандықтар бар екенін біліп, түсініп, осы тренинг арқылы көп мамандықтар бар екенін білді, бұл тренинг оқушыларға ұнады. Қатысушылар: 9-11 сынып оқушылары Мақсаты: сынып жетекшілер балаларға көп көңіл бөлуге шақыру, ата-аналармен біріге отырып, баланың мектептегі және үйдегі орнын талқылау және жастар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын-алу шараларын қарастыру.

Мерзімі: 20.05.2023-29.05.2023ж.ж. дейін 7-11 сынып оқушылар арасында оқушылардың қалауымен педагог – психологтар тарапынан жеке сұхбаттар мен кеңестер жүргізіліп, оқушылармен бір шешімге келді. Қатысушылар: 7-11 сынып оқушылар Психологиялық қызметтің жұмыс жоспарына сәйкес мектеп оқушыларымен «Көршіңді тап», «Қар қиыршығы» және ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында жасөспірім қыздарға арналған тренинг өткізілді. Ата-аналар жиналысында психологтар тарапынан «Баланың барлық қатыгездіктен қорғалуға құқығы», «Балалық агрессия», «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу»

«Буллинг,Кибербуллинг алдын алу», «Зорлық -зомбылықсыз балалық шақ», «Суицидің алдын алу іс-шаралары», тақырыбында баяндамалар, «Бақытты отбасы – бақытты балалық шақ», «Бірінші сынып ата-аналары үшін жаднама», Жаднама «Ата-аналарға арналған бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау жөніндегі»; сынып жетекшілер жиналысында қатыгез қарым-қатынас жағдайларын анықтау бойынша оқушылар, ата-аналарға, оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық мәселесі бойынша.: «Жасөспірімдердің аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу». «Буллинг дегеніміз не?», «Балаларды тәрбиелеудегі отбасының рөлі», "Жоғары сынып оқушыларын ҰБТ-ны сәтті тапсыруға дайындау кезінде ата-аналарға психологиялық көмек" «ҰБТ-ға дайындық деңгейін анықтауға арналған сауалнама»; «1 және 5 сынып оқушыларының бейімделу деңгейін психодиагностикалық зерттеудің нәтижелері»тақырыбында педагогикалық консилиумда сөз сөйлеу. Қиын өмірлік жағдайға тап болған білім алушылармен жұмыс жүргізіледі" (білім алушылардың эмоционалды жағдайын тұрақтандыруға, мазасыздық, агрессивтілік деңгейін төмендетуге, әлеуметтік зияткерлікті арттыруға және өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған білім алушылардың жеке ерекшеліктерін диагностикалауды, жеке түзету сабақтарын өткізу). Мектептің психологиялық қызметі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жұмыс жүргізеді: * Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық фактілерін анықтау бойынша сауалнама; * Ата-аналарды немесе оларды алмастыратын немесе балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамайтын, оларға қатысты құқыққа қарсы әрекеттер жасайтын тұлғаларды анықтау бойынша рейдтер ұйымдастыру және өткізу. * Мектеп ақпараттық сайтында және жасөспірімдермен чаттарға сенім телефондарын орналастыру • * Ата-аналар чаттары мен жасөспірімдермен чаттарға «Сенім телефондары бар жадынамаларды тарату»; Мектепте тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған оқушылар жоқ. Бітіруші сынып оқушыларымен кәсіби өзін-өзі анықтауға бағытталған топтық түзету-дамыту сабақтары өткізіледі, оның барысында оқушылардың едәуір бөлігі мамандық таңдауда анықталады. «Мамандықтар әлемінде» тақырыбында тақырыптық әңгімелер, "Біз қорқыныштан қалай құтыла аламыз", "Мамандық өмір бастауы" тақырыптарында психологиялық тренингтер өткізіледі. Қолайсыз отбасылар мен балаларды өгей әкелері мен бірге тұратын аналары тәрбиелеп отырған отбасылар

ерекше бақылауда. Осы санаттағы әрбір отбасына сынып жетекшілерінің қатарынан тәлімгер бекітілген. Ата-аналар чаттарына буклеттер, әлеуметтік желілерде көшеде және үйден тыс жерлерде балаңызды қалай қорғауға болатындығы туралы практикалық ұсыныстар жіберілді. Психологиялық қызметтің практикалық қызметі нәтижесінде алынған тәжірибені талдау және жалпылау негізінде «Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ – де психологиялық қызметтің белгілі бір жұмыс жүйесі қалыптасқанын және мектеп оқушыларымен ағартушылық, диагностикалық, түзету-дамытушылық жұмыстар жүзеге асырылатынын анықтауға болады.

Мектеп психологы: Жайсанбаева.Е.Ә